**БЕКІТІЛДІ**
**«ҚАЗАҚСТАН БАДМИНТОН ФЕДЕРАЦИЯСЫ» ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ ЖЫЛДЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІМЕН**
**2026 ЖЫЛҒЫ «03» қазандағы № 1-2026 ХАТТАМАСЫ**

**«Қазақстан бадминтон федерациясы» Қоғамдық бірлестігінің ЖАРҒЫСЫ**

**УТВЕРЖДЕН**
**РЕШЕНИЕМ ГОДОВОЙ КОНФЕРЕНЦИИ ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ «КАЗАХСТАНСКАЯ ФЕДЕРАЦИЯ БАДМИНТОНА»**
**ПРОТОКОЛ № 1-2026 от «03» октября 2026 ГОДА**

**УСТАВ**
**Общественного объединения «Казахстанская федерация бадминтона»**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «Қазақстан бадминтон федерациясы» қоғамдық бірлестігі, бұдан әрі – «Федерация», республикалық статусқа ие қоғамдық бірлестіктің ұйымдық-құқықтық нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады.

1.2 Федерация өз мүшелерінің еріктілігі, теңқұқықтығы, өзін-өзі басқару, заңдылық, есеп берушілік және қызметтің жариялылығы негізінде құрылады және әрекет етеді.

1.3 Дүниежүзілік бадминтон федерациясының (The Badminton World Federation – бұдан әрі – BWF) мүшесі, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ (бұдан әрі – ҚР ҰОК) мүшесі болып табылатын, Олимпиада және Паралимпиада қозғалысына тиесілі Федерация осы арқылы Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңдарын, Олимпиада хартиясының, Дүниежүзілік антидопинг кодексінің, Спортивтік Арбитраж сотының (Court of Arbitration for Sport) ережелерін, Халықаралық паралимпиада комитеті Ережелерінің жиынтығын, ВАДА Жарғысын, WBF Жарғысын, ҚР ҰОК, ҚР Ұлттық паралимпиада комитетінің Жарғысын сақтауға және олардың шешімдеріне бағынуға міндеттенеді.

1.4 Федерация қызметінің мәні мен мақсаттарына сәйкес ұлттық деңгейде Олимпиада және Паралимпиада қозғалысын ілгерілету жөніндегі іс-шараларға қатысуға міндеттенеді. Федерация спорттық әдепті қолдау және ілгерілету, допингпен күресу міндеттемесін өз мойнына алады.

1.5 Федерация BWF халықаралық деңгейде бадминтон мен парабадминтонды басқаратын әлемдегі жалғыз танылған орган болып табылатынын мойындайды.

1.6 Федерация ҚР ҰОК-нің мынадай айрықша

## 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1 Общественное объединение «Казахстанская федерация бадминтона» в дальнейшем «Федерация», является некоммерческой организацией с организационно – правовой формой общественного объединения, имеющего статус республиканского.

1.2 Федерация создана и действует на основе добровольности, равноправия своих членов, самоуправления, законности, отчётности и гласности деятельности.

1.3. Федерация, организация, являющаяся членом Всемирной Федерации Бадминтона –The Badminton World Federation (далее – BWF), членом ОО «Национальный Олимпийский комитет Республики Казахстан» (далее–НОК РК), принадлежащая к Олимпийскому и Паралимпийскому движению, настоящим обязуется соблюдать законы Республики Казахстан «О физической культуре и спорте», «О некоммерческих организациях», «Об общественных объединениях», положения Олимпийской хартии, Всемирного антидопингового кодекса, Спортивного Арбитражного суда (Court of Arbitration for Sport), свод Правил Международного Паралимпийского комитета, Устав ВАДА, Устав WBF, Устав НОК РК, Национального паралимпийского комитета РК и подчиняться их решениям.

1.4 Федерация обязуется в соответствии с предметом и целями деятельности на национальном уровне участвовать в мероприятиях по продвижению Олимпийского и Паралимпийского движения. Федерация берёт на себя обязательство поддерживать и поощрять продвижение спортивной этики, бороться с допингом.

1.5 Федерация признаёт, что BWF является единственным признанным органом в мире, который управляет бадминтоном и парабадминтоном на международном уровне.

1.6 Федерация признаёт исключительное право

| | |
|---|---|
| құқығын мойындайды:<br>1) ҚР ҰОК-нің спортшыларды аталған жарыстарға мәлімдеуге және жіберуге құқығы бола отырып, ХОК, Ұлттық Олимпиадалық Комитеттер Ассоциациясының (ҰОКА), Азия Олимпиадалық Кеңесінің (АОК) және басқа да дүниежүзілік спорттық ұйымдар мен ассоциациялардың патронатымен өтетін Олимпиада ойындарында, өңірлік, континенталық немесе әлемдік кешенді спорттық жарыстарда Қазақстан Республикасын ұсынуға;<br><br>2) ҚР ҰОК-нің спортшыларды аталған жарыстарға мәлімдеуге және жіберуге құқығы бола отырып, ХОК, Ұлттық Олимпиадалық Комитеттер Ассоциациясының (ҰОКА), Азия Олимпиадалық Кеңесінің (АОК) және басқа да дүниежүзілік спорттық ұйымдар мен ассоциациялардың патронатымен өтетін Олимпиада ойындарында, өңірлік, континенталық немесе әлемдік кешенді спорттық жарыстарда Қазақстан Республикасы делегациясының болу тәртібін қалыптастыруға және айқындауға.<br>1.7 Қоғамдық бірлестіктің заңды тұлға ретіндегі құқық қабілеттілігі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен ол тіркелген сәттен бастап туындайды.<br><br>1.8 Федерацияның қызмет мерзімі шектелмеген.<br>1.9 Федерацияның тұрақты жұмыс істейтін органының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Нұра ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 19-үй, 42-кеңсе, пошта индексі 010000.<br>1.10 Федерация Қазақстан Республикасында бадминтон мен парабадминтонды дамытуға және оның дамуына жәрдемдесуге бағытталған мемлекеттік органдармен, кәсіпорындармен, мекемелермен, коммерциялық емес ұйымдармен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тығыз өзара іс-қимылда әрекет етіледі.<br><br>1.11 Федерация заңды тұлға болып табылады және мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлғаның барлық құқықтарына ие болады. Федерация өз атынан шарттар жасасады, мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтарға ие болады және міндеттемелер атқарады, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы. Өз атауы бар дербес балансы, мөрі, мөртаңбасы және бланктері, мемлекеттік, коммерциялық, шетелдік банктерде белгіленген тәртіпке сәйкес есеп айырысу шоттары болуы мүмкін. | НОК РК:<br>1) на представление Республики Казахстан на Олимпийских играх, региональных, континентальных или мировых комплексных спортивных соревнованиях, которые проходят под патронатом МОК, Ассоциации Национальных Олимпийских Комитетов (АНОК), Олимпийского совета Азии (ОСА) и других всемирных спортивных организаций и ассоциаций с правом НОК РК заявлять и отправлять спортсменов на данные соревнования;<br>2) формировать и определять порядок пребывания делегации Республики Казахстан на Олимпийских играх, региональных, континентальных или мировых комплексных спортивных соревнованиях, которые проходят под патронатом МОК, Ассоциации Национальных Олимпийских Комитетов (АНОК), Олимпийского совета Азии (ОСА) и других всемирных спортивных организаций и ассоциаций с правом НОК РК заявлять и отправлять спортсменов на данные соревнования.<br><br>1.7 Правоспособность общественного объединения как юридического лица возникает с момента его регистрации в порядке, установленном законодательными актами Республики Казахстан.<br>1.8 Срок действия Федерации не ограничен.<br>1.9 Место нахождения постоянно действующего органа Федерации: Республика Казахстан, г. Астана, район Нұра, проспект Қабанбай Батыр, дом 19, офис 42, почтовый индекс 010000.<br><br>1.10 Федерация действует в тесном взаимодействии с государственными органами, предприятиями, учреждениями, некоммерческими организациями, чья деятельность направлена на развитие и содействие развитию бадминтона и парабадминтона в Республики Казахстан в установленном законом Республике Казахстан порядке.<br>1.11 Федерация является юридическим лицом и обладает всеми правами юридического лица с момента государственной регистрации. Федерация от своего имени заключает договоры, приобретает имущественные и личные неимущественные права и несёт обязанности, вправе быть истцом и ответчиком в суде. Может иметь самостоятельный баланс, печать, штамп и бланки со своим наименованием, расчётные счета в государственных, коммерческих, зарубежных банках в соответствии с |

| | |
|---|---|
| 1.12 Федерацияның қызметі Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына таралады. | установленным порядком.<br>1.12 Деятельность Федерации распространяется на всей территории Республики Казахстан. |
| 1.13 Федерация Қазақстан Республикасында және халықаралық деңгейде бадминтон мен парабадминтонды олимпиадалық және паралимпиадалық спорт түрлері ретінде дамыту бойынша спорт жұртшылығының мүдделерін білдіреді. | 1.13 Федерация представляет интересы спортивной общественности по развитию бадминтона и парабадминтона как олимпийского и паралимпийского видов спорта в Республике Казахстан и на международном уровне. |
| 1.14 Федерация Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын ескере отырып, осындай елдердің заңнамасына сәйкес шетелдік елдерде өз қызметін жүзеге асыра алады. | 1.14 Федерация может осуществлять свою деятельность в зарубежных странах согласно законодательству таких стран, с учётом норм, установленных законодательством Республики Казахстан. |
| 1.15 Федерация ерікті негізде одақтар мен ассоциацияларға, халықаралық келісімдерге сәйкес халықаралық контактілер мен байланыстарға түсуге құқылы. | 1.15 Федерация имеет право на добровольной основе вступать в союзы и ассоциации, в международные контакты и связи, в соответствии с международными соглашениями. |
| 1.16 Федерация Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдарының, басқа да тіркелген қоғамдық бірлестіктердің қызметіне араласпайды, коммерциялық және саяси мақсаттарды көздемейді. | 1.16 Федерация не вмешивается в деятельность государственных органов и должностных лиц Республики Казахстан, других зарегистрированных общественных объединений, не преследует коммерческие и политические цели. |
| 1.17 Федерация өз қызметін мынадай принциптер негізінде құрады:<br>1) өз мүшелерінің еріктілігі, теңқұқықтығы, өзін-өзі басқару, заңдылық, есеп берушілік және қызметтің жариялылығы;<br>2) жарғылық міндеттерді шешуде Федерацияның бірлігі және мүшелері мен құрылымдық бөлімшелерінің – филиалдардың дербестігі;<br>3) Федерация басқару органдарының сайланмалылығы (Федерация Президенті тағайындайтын Атқарушы комитеттің екі мүшесін қоспағанда), олардың Президент, мүшелер және Федерацияның басқару органдары алдында есеп берушілігі;<br>4) Федерацияның жоғары тұрған басқару органдары шешімдерінің төмен тұрғандар үшін міндеттілігі;<br>5) меншікті пікірді, ұсыныстар сынды кеңінен көтермелеу және кепілдік беру;<br>6) жұмыстағы алқалық және әрбір мүшенің міндеттер мен тапсырмаларды орындау үшін жауапкершілігі. | 1.17 Федерация строит свою деятельность на основе принципов:<br>1) добровольности, равноправия своих членов, самоуправления, законности, отчётности и гласности деятельности;<br>2) единства Федерации и самостоятельности членов и структурных подразделений – филиалов – в решении уставных задач;<br>3) выборности органов управления Федерации (за исключением двух членов Исполнительного комитета, назначаемых Президентом Федерации), их отчётности перед Президентом, членами и органами управления Федерации;<br>4) обязанности решений вышестоящих органов управления Федерации для нижестоящих;<br>5) широкого поощрения и гарантии собственного мнения, критики предложений;<br>6) коллегиальность в работе и ответственности каждого члена за выполнение обязанностей и поручений. |
| 1.18 Федерация өз міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өндіріп алу қолданылуы мүмкін тиесілі барлық мүлкімен жауап береді. Федерация мүшелері Федерацияның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Федерация өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. | 1.18 Федерация отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом, на которое может быть обращено взыскание в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан. Члены Федерации не отвечают по обязательствам Федерации. Федерация не отвечает по обязательствам своих членов. |

| | |
|---|---|
| 1.19 Федерация спорт федерацияларына, Олимпиада қозғалысының мүшелеріне немесе жеке тұлғаларға (жарыс қатысушыларына, ресми тұлғаларға, судьяларға, делегаттарға, бапкерлерге және т.б.) нәсілдік, жыныстық, діни немесе саяси белгілері бойынша ешқандай дискриминацияны қабылдамайды және жол бермейді. | 1.19 Федерация не приемлет и не допускает никакой дискриминации в отношении спортивных федераций, членов Олимпийского движения или физических лиц (участников соревнований, официальных лиц, судей, делегатов, тренеров, и т.д.) по расовому, половому, религиозному или политическому признаку. |
| **2. ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ АТАУЫ, ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНЫ, ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТТАРЫ.** | **2 НАИМЕНОВАНИЕ, ОРГАНИЗАЦИОННО – ПРАВОВАЯ ФОРМА, ПРЕДМЕТ И ЦЕЛИ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ФЕДЕРАЦИИ.** |
| 2.1. Атауы: орыс тілінде – Общественное объединение «Казахстанская Федерация Бадминтона»; қазақ тілінде – «Қазақстан бадминтон федерациясы» Қоғамдық бірлестігі; ағылшын тілінде – «Kazakhstan Badminton Federation» Public Association. Ұйымдық-құқықтық нысаны: Қазақстан Республикасы облыстарының жартысынан көбінің аумағында өз құрылымдық бөлімшелері бар, яғни республикалық статусы бар қоғамдық бірлестік нысанындағы коммерциялық емес ұйым. | 2.1 Наименование: на русском языке – Общественное объединение «Казахстанская Федерация Бадминтона»; на казахском языке – «Қазақстан бадминтон федерациясы» Қоғамдық бірлестігі;<br>На английском языке–«Kazakhstan Badminton Federation» Public Association.<br>Организационно – правовая форма: некоммерческая организация в форме общественного объединения республиканского статуса, т.е. имеющая свои структурные подразделения на территории более половины областей Республики Казахстан. |
| 2.1 Қызметінің мәні мен мақсаттары.<br>2.2.1 Федерация қызметінің мәні Қазақстан Республикасында олимпиадалық және паралимпиадалық спорт түрлерін – бадминтон мен парабадминтонды барлық жерде дамытуға жәрдемдесу болып табылады.<br>2.2.2 Федерацияның мақсаттары мыналар болып табылады:<br>1) Олимпиадалық қозғалыстың бірлігі мен тығыздығын нығайту;<br>2) халықаралық аренада қазақстандық спорттың позицияларын нығайту және беделін арттыру;<br>3) спортшылардың денсаулығын қорғау – допингсіз және есірткісіз адал спорт үшін күрес;<br>4) Қазақстан Республикасының азаматтарын, шетелдіктерді, Қазақстан Республикасының аумағында заңды түрде жүрген азаматтығы жоқ адамдарды жасына, жынысына және нәсіліне қарамастан барлық деңгейде бадминтон және парабадминтонмен айналысуға тарту;<br>5) BWF ұлттық федерацияларымен және басқа да халықаралық спорттық ұйымдармен халықаралық спорттық байланыстарды дамыту;<br>6) Қазақстан Республикасының аумағында бадминтон мен парабадминтонды барлық аспектілерде дамыту және ілгерілету;<br>7) Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт істері жөніндегі уәкілетті органымен келісу бойынша бірыңғай жарыс | 2.2 Предмет и цели деятельности.<br>2.2.1 Предметом деятельности Федерации является повсеместное содействие развитию в Республике Казахстан олимпийского и паралимпийского видов спорта – бадминтон и парабадминтон.<br>2.2.2 Целями федерации являются:<br>1) укрепление единства и сплочённости Олимпийского движения;<br>2) укрепление позиций и повышение престижа казахстанского спорта на международной арене;<br>3) охрана здоровья спортсменов – борьба за честный спорт без допинга и наркотиков;<br>4) вовлечение граждан Республики Казахстан, иностранцев, лиц без гражданства, законным образом пребывающих на территории Республики Казахстан, в занятия бадминтоном и парабадминтоном на всех уровнях независимо от возраста, пола и расы;<br>5) развитие международных спортивных связей с национальными Федерациями BWF и другими международными спортивными организациями;<br>6) развитие и продвижение бадминтона и парабадминтона во всех аспектах на территории Республики Казахстан;<br>7) принятие по согласованию с уполномоченным органом Республики Казахстан по делам физической культуры и спорта единых |

| | |
|---|---|
| ережелерін, нормативтерін қабылдау;<br>8) Федерацияның эгидасымен республикалық, облыстық, қалалық чемпионаттарды немесе өзге де жарыстарды ұйымдастыру және өткізу;<br>9) BWF, ҚР ҰОК, ҚР Ұлттық паралимпиада комитетімен және басқа да халықаралық спорттық ұйымдармен және Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт істері жөніндегі уәкілетті органымен келісу бойынша бадминтон және парабадминтон бойынша халықаралық чемпионаттарды және Федерацияның эгидасымен өзге де жарыстарды ұйымдастыру және өткізу;<br>10) Қазақстан Республикасында бадминтонмен айналысуға арналған спорт ғимараттарын көбейту үшін күш салу;<br>11) Қазақстан Республикасының бадминтон және парабадминтон бойынша Ұлттық құрама командаларын әлем, Азия чемпионаттарына, Олимпиада, Паралимпиада, Азия ойындарына және басқа да халықаралық және ұлттық жарыстарға дайындау;<br>12) халықтың қалың бұқарасын бадминтон мен парабадминтонмен белсенді түрде айналысуға тарту;<br>13) бадминтон және парабадминтон саласында білікті кадрлар даярлау;<br>14) шет елдердің ұлттық федерацияларымен, сондай-ақ қызметі бадминтон мен парабадминтонды дамытуға бағытталған халықаралық Федерациялар мен ұйымдармен халықаралық байланыстарды орнату және дамыту;<br>15) Қазақстан Республикасында бадминтон мен парабадминтонды дамытуға ықпал ететін өзге де бағыттар;<br>16) Федерацияның материалдық базасын құру және нығайту.<br>2.3 Коммерциялық емес ұйым бола отырып, Федерация бұл жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге қызмет ететін жағдайда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыра алады. Кәсіпкерлік қызмет Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Кәсіпкерлік қызметтен түскен табыс Федерация мүшелері арасында қайта бөліне алмайды және жарғылық мақсаттарға қол жеткізу үшін немесе уәкілетті басқару органының шешімі бойынша қайырымдылық қызметке пайдаланылуы тиіс. Федерация кәсіпкерлік қызмет бойынша кірістер мен шығыстардың есебін жүргізеді. Федерацияның кәсіпкерлік қызметін салық салу Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. | правил соревнований, нормативов;<br>8) организация и проведение республиканских, областных, городских чемпионатов или иных соревнований под эгидой Федерации;<br>9) организация и проведение по согласованию с BWF, НОК РК, Национальным паралимпийским комитетом РК и другими международными спортивными организациями и с уполномоченным органом Республики Казахстан по делам физической культуры и спорта международных чемпионатов по бадминтону и парабадминтону и иных соревнований под эгидой Федерации;<br>10) принятие усилий для увеличения спортивных сооружений для занятий бадминтоном в Республики Казахстан;<br>11) подготовка Национальных сборных команд Республики Казахстан по бадминтону и парабадминтону к чемпионатам мира, Азии, Олимпийским, Паралимпийским, Азиатским играм, и другим международным и национальным соревнованиям;<br>12) вовлечение широких масс населения в активные занятия бадминтоном и парабадминтоном;<br>13) подготовка квалифицированных кадров в области бадминтона и парабадминтона;<br>14) установление и развитие международных связей с национальными федерациями зарубежных стран, а также международными Федерациями и организациями, чья деятельность направлена на развитие бадминтона и парабадминтона;<br>15) иные направления, способствующие развитию бадминтона и парабадминтона в Республики Казахстан;<br>16) создание и укрепление материальной базы Федерации.<br>2.3 Федерация, являясь некоммерческой организацией, может осуществлять предпринимательскую деятельность постольку, поскольку это служит достижению уставных целей. Предпринимательская деятельность осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан. Доход от предпринимательской деятельности не может перераспределяться между членами Федерации и должен использоваться для достижения уставных целей или по решению уполномоченного органа управления на благотворительную деятельность. Федерация ведёт учёт доходов и расходов по предпринимательской деятельности. Налогообложение предпринимательской деятельности Федерации осуществляется в соответствии с налоговым законодательством |

| | |
|---|---|
| **3 МҮШЕЛІК, МҮШЕЛІКТІ АЛУ ЖӘНЕ ЖОҒАЛТУ ШАРТЫ МЕН ТӘРТІБІ, ФЕДЕРАЦИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.** | Республики Казахстан.<br>**3 ЧЛЕНСТВО, УСЛОВИЕ И ПОРЯДОК ПРИОБРЕТЕНИЯ И УТРАТЫ ЧЛЕНСТВА, ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ЧЛЕНОВ ФЕДЕРАЦИИ.** |
| 3.1 Федерацияның мүшелері – жарғымен айқындалған қызметі Қазақстан Республикасында бадминтон мен парабадминтонды дамытуға бағытталған, Федерацияны өз мүшелерінің қызметін шоғырландырылған үйлестіруді жүзеге асыратын ұйым ретінде танитын, Федерация өткізетін барлық іс-шараларға белсенді қатысатын, Жарғы ережелері мен Федерация басқару органдарының шешімдерін бұлжытпай орындайтын, Федерация белгілеген кіру, мүшелік және өзге де жарналарды төлейтін жеке және (немесе) заңды тұлғалар – қоғамдық бірлестіктер – жергілікті спорт федерациялары. | 3.1 Члены Федерации – физические и (или) юридические лица – общественные объединения – местные спортивные федерации, чья деятельность, определённая уставом, направлена на развитие бадминтона и парабадминтона в Республики Казахстан, признающие Федерацию в качестве организации, осуществляющей консолидированную координацию деятельности своих членов, принимающие активное участие во всех мероприятиях проводимых Федерацией, неукоснительно выполняющие положения Устава и решения органов управления Федерации, уплачивающие вступительные, членские и иные взносы, установленные Федерацией. |
| 3.2 Федерациядағы мүшелік ерікті болып табылады. | 3.2 Членство в Федерации добровольное. |
| 3.3 Мүшелікті алу және жоғалту шарты мен тәртібі. | 3.3 Условие и порядок приобретения и утраты членства. |
| 3.3.1 Федерация құрамына мүшелерді қабылдау және шығару Федерация Атқару комитетінің шешімі бойынша жүргізіледі. | 3.3.1 Принятие и исключение членов в состав Федерации производится по решению Исполнительного комитета Федерации. |
| 3.3.2 Федерация мүшелігін алу және жоғалту үшін негіздеме Федерация Президентінің атына жазылған жазбаша өтініш және Федерация Атқару комитетінің кейінгі сәйкес шешімі болып табылады. | 3.3.2 Основанием для приобретения и утраты членства Федерации является письменное заявление на имя Президента Федерации и последующее соответственное решение Исполнительного комитета Федерации. |
| 3.3.3 Мүшеліктен шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:<br>1) Федерация Жарғысын және (немесе) Федерацияның ішкі қызметін реттейтін өзге де құжаттарды өрескел және бірнеше рет бұзған кезде;<br>2) мүшелік жарналарды төлеу мерзімі бір жылдан астам уақытқа кешіктірілген кезде;<br>3) Федерация мүшесін қылмыстық жауапкершілікке тарту немесе оңалтылмайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершілікten босату;<br>4) Федерацияның беделін түсіретін әрекеттер жасаған кезде. | 3.3.3 Исключение из членства производится в случаях:<br>1) грубых и неоднократных нарушений Устава Федерации и (или) иных документов, регулирующих внутреннюю деятельность Федерации;<br>2) просрочки в оплате членских взносов более одного года;<br>3) привлечение члена Федерации к уголовной ответственности либо освобождение от уголовной ответственности по не реабилитирующим основаниям;<br>4) совершения порочащих Федерацию действий. |
| 3.3.4 Федерация мүшесі шығарылған жағдайда ол енгізген мүшелік жарна қайтарылмайды. | 3.3.4 В случае исключения члена Федерации внесённый им членский взнос не возвращается. |
| 3.4 Федерацияның қолданыстағы мүшесінің мынадай құқықтары бар:<br>1) Жарғыда көзделген тәртіппен Федерация Конференциясының жұмысына қатысуға;<br>2) Атқару комитеті айқындаған тәртіппен Федерацияның қызметі туралы ақпарат алуға; | 3.4 Действующий член Федерации имеет право:<br>1) участвовать в работе Конференции Федерации в порядке, предусмотренном Уставом;<br>2) получать информацию о деятельности Федерации в порядке, определённом Исполнительным комитетом; |

| | |
|---|---|
| 3) Федерацияның қызметін жетілдіру жөнінде оның барлық органдарына ұсыныстар енгізуге;<br><br>4) Федерация мүшелігінен шығуға.<br>3.5 Федерацияның қолданыстағы мүшесі міндетті:<br>1) осы Жарғының талаптарын, Федерацияның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды, осы Жарғымен белгіленген құзырет шегінде қабылданған Федерация органдарының шешімдерін орындауға;<br>2) Федерацияның беделін түсіретін әрекеттерге жол бермеуге;<br>3) Федерация және (немесе) оның қызметі туралы қызметтік немесе заңмен қорғалатын өзге ҳам сырды құрайтын ақпаратты жария етпеуге;<br>4) тұрақты жұмыс істейтін электрондық пошта мекенжайының болуын қамтамасыз етуге және Федерация мүшелерінің тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізу мақсатында Бас хатшыға ол туралы мәліметтерді ұсынуға;<br>5) он күн ішінде Бас хатшыға Тізілімді жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгергені туралы хабарлауға.<br>3.5.1 Федерация мүшелері – бадминтон және парабадминтон жергілікті спорт федерациялары – қоғамдық бірлестіктер міндетті:<br>1) республикалық және халықаралық жарыстардың қабылданатын регламенттерін бекіту үшін Федерацияның келісімін алуға;<br>2) филиал туралы ережеде белгіленген рәсімді сақтай отырып, Федерациямен келісім бойынша атқарушы органды / басқарушы органды сайлауды/тағайындауды және қызметтен босатуды жүзеге асыруға.<br>3.6 Мүшелік жарналар (оларды белгілеу туралы шешім қабылданған кезде):<br>1) Федерацияның барлық мүшелері (құрметті мүшелерді қоспағанда) жыл сайынғы мүшелік жарналарды (бұдан әрі – мүшелік жарналар) төлеуге міндетті);<br>2) тиісті жыл үшін мүшелік жарналарды Федерацияның қолданыстағы мүшелері ағымдағы жылдың 1 ақпанынан кешіктірмей, ал Федерация мүшелігіне қайта қабылданған немесе қалпына келтірілген мүшелер тиісінше қабылданған ұ қалпына келтірілгеннен кейін 1 (бір) айдан кешіктірмей төлейді;<br>3) мүшелік жарналарды төлеуді 3 (үш) айдан астам уақытқа толық немесе ішінара кешіктіру кешіктіруге жол берген тұлғаға қатысты мүшеліктің тоқтатылуына әкеп соғады.<br>3.7 Федерация мүшелерінің тізілімі. Федерация мүшесі статусының туындауы, өзгеруі және тоқтатылуы Тізілімдегі тиісті жазба негізінде | 3) вносить предложения по совершенствованию деятельности Федерации во все её органы;<br>4) выйти из членства Федерации.<br>3.5 Действующий член Федерации обязан:<br><br>1) выполнять требования настоящего Устава, документов, регулирующих внутреннюю деятельность Федерации, решения органов Федерации, принятые в пределах установленной настоящим Уставом компетенции;<br>2) не допускать действий, порочащих Федерацию;<br>3) не разглашать информацию о Федерации и (или) её деятельности, составляющую служебную или иную охраняемую законом тайну;<br>4) обеспечить наличие постоянно действующего адреса электронной почты и предоставить сведения о нём Генеральному Секретарю в целях внесения в реестр членов Федерации (далее – Реестр);<br>5) в течение десяти дней извещать Генерального Секретаря об изменении сведений, необходимых для ведения Реестра.<br>3.5.1 Члены Федерации – местные спортивные федерации бадминтона и парабадминтона – общественные объединения обязаны:<br>1) для утверждения принимаемых регламентов республиканских и международных соревнований получить согласование Федерации;<br>2) производить избрание/назначение и освобождение исполнительного органа /руководящего органа по согласованию с Федерацией.<br><br>3.6 Членские взносы (при принятии решения об их установлении):<br>1) все члены Федерации (за исключением почётных членов) обязаны оплачивать ежегодные членские взносы (далее – членские взносы);<br><br>2) членские взносы за соответствующий год уплачиваются действующими членами Федерации не позднее 1 февраля текущего года, а вновь принятыми либо восстановленными в членстве членами Федерации – не позднее чем в течение 1 (одного) месяца после принятия или восстановления соответственно;<br>3) полная или частичная просрочка оплаты членских взносов более чем на 3 (три) месяца влечёт за собой приостановление членства в отношении лица, допустившего просрочку.<br>3.7 Реестр членов Федерации. Возникновение, изменение и прекращение статуса члена Федерации осуществляется на основании |

| | |
|---|---|
| жүзеге асырылады. Бас хатшы Тізілімді жүргізуді ұйымдастырады. Тізілімге Федерация мүшелері туралы мынадай мәліметтер енгізіледі: | соответствующей записи в Реестре. Генеральный секретарь организует ведение Реестра. Реестр включает в себя следующие сведения о членах Федерации: |
| 1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);<br>2) жеке сәйкестендіру нөмірі (бар болса); | 1) фамилия, имя, отчество (при наличии);<br>2) индивидуальный идентификационный номер (при наличии); |
| 3) жеке басын куәландыратын құжаттың деректері;<br>4) тұрғылықты жері немесе заңды мекенжайы;<br>5) электрондық пошта мекенжайы;<br>6) мүшенің мәртебесі туралы ақпарат;<br>7) мәртебенің туындау, өзгеру және тоқтатылу негізі;<br>8) Тізілімге тиісті жазбаны енгізу күні. | 3) данные документа, удостоверяющего личность;<br>4) места жительства или юридический адрес;<br>5) адрес электронной почты;<br>6) информация о статусе члена;<br>7) основание для возникновения, изменения и прекращения статуса;<br>8) дата внесения соответствующей записи в Реестр. |
| 3.7.1 Заңды тұлғалар үшін – Тізілімге қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі толық атауы туралы мәліметтер, бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН), орналасқан жерінің мекенжайы, бірінші басшы туралы мәліметтер енгізіледі. | 3.7.1 Для юридических лиц – в Реестр включаются сведения о полном наименовании на казахском, русском, английском языках, бизнес – идентификационный номер (БИН), адрес местонахождения, сведения о первом руководителе. |
| **4 ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.** | **4 ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ФЕДЕРАЦИИ.** |
| 4.1 Федерацияның құқықтары:<br>1) өз қызметі туралы ақпаратты белгіленген тәртіппен таратуға, Қазақстан Республикасының мемлекеттік және сот органдарында, қоғамдық және өзге де ұйымдарында Федерация мүшелерінің заңды мүдделерін қорғауға; | 4.1 Права Федерации:<br>1) распространять в установленном порядке информацию о своей деятельности, защищать законные интересы членов Федерации в государственных и судебных органах, в общественных и иных организациях Республики Казахстан; |
| 2) заңда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктерімен және басқа да заңды және жеке тұлғаларымен құқықтық қатынастарға түсуге; | 2) вступать в правоотношения с общественными объединениями и другими юридическими и физическими лицами Республики Казахстан, в установленном законом порядке; |
| 3) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының банк мекемелерінде есеп айырысу, ағымдағы шоттарды, оның ішінде шетел валютасында ашуға; | 3) открывать расчётные, текущие счета, в том числе в иностранной валюте в банковских учреждениях Республики Казахстан в соответствии с действующим законодательством; |
| 4) мөрі, мөртаңбасы, бланктері, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін рәміздері болуға; | 4) иметь печать, штамп, бланки, не противоречащую законодательству Республики Казахстан символику; |
| 5) Федерация құрамында жұмыс топтарын, комиссиялар құруға; | 5) создавать в составе Федерации рабочие группы, комиссии; |
| 6) балалар, жасөспірімдер, оқитын жастар және ересектер арасында жарыстар өткізуге; | 6) проводить соревнования среди детей, подростков учащейся молодёжи и взрослых; |
| 7) Федерацияның жарғылық мақсаттары мен қызметінің мәніне қайшы келмейтін байқаулар, көрмелер, спорттық жарыстар және басқа да мәдени-ағарту іс-шараларын өткізуге; | 7) проводить смотры, выставки, спортивные соревнования и другие культурно-просветительные мероприятия, не противоречащие уставным целям и предмету деятельности Федерации; |
| 8) соттарда және басқа да мемлекеттік органдарда, өзге де қоғамдық бірлестіктерде өз | 8) представлять и защищать права и законные интересы своих членов в судах и других |

| | |
|---|---|
| мүшелерінің құқықтары мен заңды мүдделерін ұсынуға және қорғауға;<br>9) азаматтық-құқықтық мәмілелер жасауға;<br>10) халықаралық байланыстарды қолдауға, тиісті келісімдер жасасуға, діни еүрмелерді қоспағанда, халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктерге ұжымдық мүше ретінде кіруге;<br><br>11) халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттары мен нормалары, халықаралық шарттар және тиісті мемлекеттердің заңнамалары негізінде шет мемлекеттерде өздерінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдар мен өкілдіктерді) құруға;<br>12) жарғылық мақсаттарға қол жеткізуге қызмет ететін жағдайда кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға. Кәсіпкерлік қызметті Федерация Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады;<br><br>13) заңда белгіленген тәртіппен өз баспа органының құруға, газеттер, журналдар құруға және баспа қызметін жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бадминтон және парабадминтон бойынша оқу бағдарламаларын шығаруға;<br>14) мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алуға және жүзеге асыруға;<br>15) егер заңнамалық актілерде өзге көзделмесе, басқа да заңды тұлғалар құруға;<br><br>16) осы Жарғымен айқындалған құзырет шеңберінде мүшелердің қызметіне қатысуға;<br>17) жарғыда көзделген мақсаттарды жүзеге асыруға қаражат пайдалануға;<br>18) оқшауланған мүлкі мен меншікті ақша қаражаты болуға, сондай-ақ ғимараттарды, жабдықтарды және өзге де мүлікті жалдауға;<br><br>19) бадминтон мен парабадминтонды дамыту ісіне шетелдік және жергілікті инвестицияларды тартуға;<br>20) өз мүшелерінің қызметін ұйымдастырудың бірыңғай жүйелері мен ережелерін белгілеуге;<br>21) Қазақстан Республикасының бадминтон және парабадминтон бойынша құрама командаларының оқу-жаттығу процесіне орталықтандырылған басшылықты жүзеге асыруға;<br>22) құзырет шегінде спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан екіншісіне ауысуын ұйымдастыруға қатысуға; | государственных органах, иных общественных объединениях;<br>9) осуществлять гражданско-правовые сделки;<br>10) поддерживать международные связи, заключать соответствующие соглашения, вступать в качестве коллективных членов в международные некоммерческие неправительственные объединения, за исключением религиозных;<br>11) создавать свои структурные подразделения (филиалы и представительства) в иностранных государствах на основе общепризнанных принципов и норм международного права, международных договоров и законодательств соответствующих государств;<br><br>12) осуществлять предпринимательскую деятельность постольку, поскольку это служит достижению уставных целей. Предпринимательскую деятельность Федерация осуществляет в соответствии с законодательством Республики Казахстан;<br>13) учреждать в установленном законом порядке собственный печатный орган, учреждать газеты, журналы и осуществлять издательскую деятельность, выпускать учебные программы по бадминтону и парабадминтону в соответствии с законодательством Республики Казахстан;<br>14) приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права;<br>15) создавать другие юридические лица, если иное не предусмотрено законодательными актами;<br>16) участвовать в деятельности членов, в рамках компетенции, определённой настоящим Уставом;<br>17) использовать средства на осуществление предусмотренных в уставе целей;<br>18) иметь обособленное имущество и собственные денежные средства, а также арендовать здания, оборудование и иное имущество;<br>19) привлекать зарубежные и местные инвестиции в дело развития бадминтона и парабадминтона;<br>20) устанавливать единые системы и правила организации деятельности своих членов;<br>21) осуществлять централизованное руководство учебно-тренировочным процессом сборных команд Республики Казахстан по бадминтону и парабадминтону;<br><br>22) в пределах компетенции участвовать в организации перехода спортсмена из одной физкультурно – спортивной организации в другую; |

| | |
|---|---|
| 23) тиісті халықаралық жарыстарды өткізетін халықаралық спорттық ұйымдардың нормаларына сәйкес Қазақстан Республикасының бадминтон және парабадминтон бойынша құрама командалары үшін өнер көрсетуге құқығы жоқ спортшылардың бадминтон және парабадминтон бойынша халықаралық спорттық жарыстарға қатысуына шектеулер қоюға; | 23) устанавливать ограничения на участие в международных спортивных соревнованиях по бадминтону и парабадминтону спортсменов, не имеющих права выступать за сборные команды Республики Казахстан по бадминтону и парабадминтону в соответствии с нормами международных спортивных организаций, проводящих соответствующие международные соревнования; |
| 24) Қазақстан Республикасының бадминтон және парабадминтон бойынша құрама командаларының рәміздерін пайдалануға барлық құқықтарға ие болуға; | 24) обладать всеми правами на использование символики сборных команд Республики Казахстан по бадминтону и парабадминтону; |
| 25) спорт түрлерінің тізіліміне спорт түрлерін енгізу туралы ұсыныстар енгізуге; | 25) вносить предложения о включении спортивных дисциплин в реестр видов спорта; |
| 26) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған әр түрлі көздерден бадминтон мен парабадминтонды дамыту үшін ұсынылған қаржылық және өзге де қолдау алуға; | 26) получать финансовую и иную поддержку, предоставленную для развития бадминтона и парабадминтона из различных источников, не запрещённых законодательством Республики Казахстан; |
| 27) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыруға. | 27) осуществлять иные права в соответствии с законодательством Республики Казахстан. |
| 4.2 Федерацияның міндеттері: | 4.2 Обязанности Федерации: |
| 1) нақты нақты және ұзақ мерзімді спорттық қызметпен айналысуға, ХОК таныған BWF мүшесі болуға, Олимпиада хартиясын басшылыққа алуға және оны барлық қатынастарда, сондай-ақ BWF ережелерін сақтауға; | 1) заниматься конкретной реальной и долговременной спортивной деятельностью, являться членом BWF, признанной МОК, руководствоваться Олимпийской хартией и соблюдать её во всех отношениях, как и правила BWF; |
| 2) Федерация мәлімдеген Қазақстан Республикасы делегациясы мүшелерінің мінез-құлқы үшін ҚР ҰОК-пен солидарлық жауапкершілік көтеруге; | 2) нести солидарную ответственность с НОК РК за поведение членов делегации Республики Казахстан, заявленных Федерацией; |
| 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарымен ынтымақтасуға және үйлесімді қатынастарды дамытуға; | 3) сотрудничать и развивать гармоничные отношения с государственными органами Республики Казахстан; |
| 4) ҚР ҰОК-ке Олимпизмнің іргелі қағидаттары мен құндылықтарын ілгерілетуге жәрдемдесуге; | 4) содействовать НОК РК в продвижении фундаментальных принципов и ценностей Олимпизма; |
| 5) ҚР ҰОК белгілеген мүшелік және өзге де жарналарды уақтылы төлеуге; | 5) своевременно уплачивать членские и иные взносы, установленные НОК РК; |
| 6) жергілікті спорт федерацияларымен, ҚР орталық және жергілікті мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасай отырып, спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың мүшелері құрамын даярлауға, қалыптастыруға, бекітуге, сондай-ақ олардың Олимпиада ойындарында, жасөспірімдер Олимпиада ойындарында және басқа да кешенді халықаралық спорттық іс-шараларда өнер көрсетуін қамтамасыз етуге қатысуға; | 6) принимать участие в подготовке, формировании, утверждении состава членов национальных сборных команд по видам спорта, а также их обеспечении для выступления на Олимпийских играх, юношеских Олимпийских играх и других комплексных международных спортивных мероприятиях во взаимодействии с местными спортивными федерациями, центральными и местными государственными органами РК; |
| 7) ҚР ҰОК юрисдикциясындағы дене шынықтыру мен спортты дамыту бағдарламаларын жүзеге асыруға қатысуға; | 7) принимать участие в реализации программ развития физической культуры и спорта, находящихся в юрисдикции НОК РК; |
| 8) Қазақстан Республикасының аумағында | 8) не иметь членства в организациях, |

| | |
|---|---|
| орналасқан, қызметі ҚР ҰОК қызметіне ұқсас ұйымдарда мүшелігі болмауына; | расположенных на территории Республики Казахстан, чья деятельность аналогична деятельности НОК РК; |
| 9) басқару органдары отырыстарының тағайындалған күніне бір ай қалғанда, оның ішінде лауазымды адамдарды тағайындау мәселелері бойынша, күн тәртібіндегі мәселелер бойынша барлық қажетті құжаттаманы қоса бере отырып, ҚР ҰОК-ті тиісті түрде жазбаша хабардар етуге; | 9) за месяц до назначенной даты заседаний органов управления, в том числе по вопросам назначения должностных лиц, надлежащим образом письменно уведомить НОК РК с приложением всей необходимой документации по вопросам повестки дня; |
| 10) ҚР ҰОК-пен келісу бойынша ҚР ҰОК өкілін Федерацияның басқару органдарының отырыстарына байқаушы ретінде қосуға; | 10) включать по согласованию с НОК РК представителя НОК РК в качестве наблюдателя, заседания органов управления Федерации; |
| 11) аккредиттелген республикалық спорт федерациялары үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген міндеттерді жүзеге асыруға; | 11) осуществлять обязанности, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан для аккредитованных республиканских спортивных федераций; |
| 12) ҚР ҰОК басқару органдарын өз қызметі туралы хабардар етуге және ҚР ҰОК Атқару комитетіне Федерацияның басқару органдары қабылдаған шешімдерді жіберуге; | 12) информировать органы управления НОК РК о своей деятельности и направлять в Исполнительный комитет НОК РК решения, принятые органами управления Федерации; |
| 13) ҚР ҰОК басқару органдарының шешімдерін орындауға; | 13) выполнять решения органов управления НОК РК; |
| 14) ҚР ҰОК-ке мыналарға қатысты маркетингтік құқықтар кешенін беруге:<br>- ұлттық федерация мен тиісті халықаралық ұйымның ережелеріне қайшы келмейтін, ҚР заңында белгіленген тәртіппен, тиісті шарттық қатынастар шеңберінде спортшының имиджіне;<br>- егер бұл ұлттық федерация мен тиісті халықаралық ұйымның ережелеріне қайшы келмесе, ҚР ҰОК юрисдикциясымен өтетін жарыстарға. | 14) передать НОК РК комплекс маркетинговых прав в отношении:<br>- имиджа спортсмена, в рамках соответствующих договорных отношений, в установленном законом РК порядке, не противоречащих правилам национальной федерации и соответствующей международной организации;<br>- соревнований, проходящих под юрисдикцией НОК РК, если это не противоречит правилам национальной федерации и соответствующей международной организации. |
| 15) Қазақстан Республикасының заңнамасын, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Олимпиада хартиясының, Дүниежүзілік допингке қарсы кодекстің, Спорттық төрелік соттың ережелерін, BWF және ҚР ҰОК Жарғысы мен Ережелерін сақтауға; | 15) соблюдать законодательство Республики Казахстан, Конституцию Республики Казахстан, положения Олимпийской Хартии, Всемирного Антидопингового кодекса, Спортивного Арбитражного суда, Устав и Положения BWF и НОК РК; |
| 16) орналасқан жерінің, заңды мекенжайының, Федерацияның тұрақты жұмыс істейтін басқарушы басқару органының және басшылар туралы деректердің өзгергені жөнінде тіркеуші органға бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде хабарлауға; | 16) информировать регистрирующий орган об изменении местонахождения, юридического адреса, постоянно действующего руководящего органа управления Федерации и данных о руководителях в объёме сведений, включаемых в национальный реестр бизнес – идентификационных номеров; |
| 17) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттер үшін жауапты болуға. | 17) нести ответственность за действия, противоречащие законодательству Республики Казахстан. |
| **5 ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕРДІҢ (ФИЛИАЛДАР МЕН ӨКІЛДІКТЕРДІҢ) ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ** | **5 ОРГАНИЗАЦИОННАЯ СТРУКТУРА ФЕДЕРАЦИИ, ПРАВОВОЕ ПОЛОЖЕНИЕ СТРУКТУРНЫХ ПОДРАЗДЕЛЕНИЙ (ФИЛИАЛОВ И ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВ) И** |

| | |
|---|---|
| **ЖӘНЕ ӨЗ ҚЫЗМЕТІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН АУМАҒЫ, ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ФИЛИАЛДАРЫ МЕН ӨКІЛДІКТЕРІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР.** | **ТЕРРИТОРИЯ В ПРЕДЛЕЛАХ КОТОРОЙ ОСУЩЕСТВЛЯЮТ СВОЮ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ, СВЕДЕНИЯ О ФИЛИАЛАХ И ПРЕДСТАВИТЕЛЬСТВАХ ФЕДЕРАЦИИ.** |
| 5.1 Федерацияның басқару органдарының ұйымдық құрылымы оның жоғары басқару органы – оның мүшелерінің Конференциясы арқылы айқындалады. | 5.1 Организационная структура органов управления Федерации определяется высшим органом управления – Конференцией ее членов. |
| 5.2 Федерацияның ұйымдық құрылымына басқару органдары, құрылымдық бөлімшелер – филиалдар кіреді. | 5.2 В организационную структуру Федерации входят органы управления, структурные подразделения – филиалы. |
| 5.3 Федерацияның құрылымдық бөлімшелері – филиалдарды Федерация Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аумақтық белгісі бойынша құрады. | 5.3 Структурные подразделения Федерации – филиалы, создаются Федерацией в соответствии с законодательством Республики Казахстан по территориальному признаку. |
| 5.4 Федерацияның құрылымдық бөлімшелерінің – филиалдарының құқықтық жағдайы мен құзыреті Қазақстан Республикасының «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңдарымен, сондай-ақ Федерацияның осы Жарғысымен және Филиал туралы тиісті Ережемен айқындалады. Федерацияның құрылымдық бөлімшелерінің – филиалдарының басшыларын Федерация Президенті филиалдың немесе жергілікті спорт федерациясының Жалпы жиналысының (бар болса) ұсынымы бойынша Филиал туралы ережеде белгіленген рәсімді сақтай отырып сайлайды және лауазымынан босатады. | 5.4 Правовое положение и компетенция структурных подразделений – филиалов Федерации, определяется законами Республики Казахстан «О некоммерческих организациях», «Об общественных объединениях», а также настоящим Уставом Федерации и соответствующим Положением о филиале. Руководители структурных подразделений – филиалов Федерации избираются и освобождаются от должности Президентом Федерации по рекомендации Общего собрания филиала или местной спортивной федерации (при ее наличии), с соблюдением процедуры установленной Положением о филиале. |
| 5.5 Филиалдардың қызметі мәселелері, филиалдар туралы ережелерді бекіту және өзге де мәселелер бойынша Федерацияның құзыретті органы филиалдардың бірінші басшыларын тағайындау мәселелерін қоспағанда, Атқару комитеті болып табылады. Федерацияның құрылымдық бөлімшелері – заңды тұлға болып табылмайтын филиалдар, Федерацияның оның орналасқан жерінен тыс жерде орналасқан және оның барлық немесе бір бөлігі функцияларын, оның ішінде өкілдік функцияларын жүзеге асыратын оқшауланған бөлімшесі болып табылады. тельства. | 5.5 К компетентным органом Федерации по вопросам деятельности филиалов Федерации, утверждения Положений о филиалах, и иных вопросов является Исполнительный комитет, за исключением вопросов назначения первых руководителей филиалов. Структурные подразделения Федерации – Филиалы – не являющиеся юридическим лицом, обособленное подразделение Федерации, расположенное вне места ее нахождения и осуществляющее все или часть ее функций, в том числе функции представительства. |
| 5.6 Федерация филиалды мүлікпен қамтасыз етуге құқылы. Филиал бекітілген ереже негізінде әрекет етеді. Филиалдың мүлкі жеке дербес есепте және федерацияның есебінде жүргізіледі. | 5.6 Федерация имеет право наделить Филиал имуществом. Филиал действует на основании утвержденного Положения. Имущество филиала учитывается на отдельном балансе и балансе Федерации. |
| 5.7 Федерациялар (Филиалдар) өз қызметін федерация атынан жүзеге асырады. Филиалдың қызметі үшін жауапкершілікті федерация көтереді. | 5.7 Федерации осуществляют свою деятельность от имени Федерации. Ответственность за деятельность Филиала несет Федерация. |
| 5.8 Федерацияның филиалы есептік тіркеуге, ал атауы өзгерген жағдайда – қайта тіркеуге жатады. | 5.8 Филиал Федерации подлежит учетной регистрации, а в случае изменения наименования – перерегистрации. |

| | |
|---|---|
| 5.9 Есептік тіркеудің (қайта тіркеудің) тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының заңнамасымен заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы айқындалады. | 5.9 Порядок и сроки учетной регистрации (перерегистрации) определяются законодательством Республики Казахстан о государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств. |
| **6 ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ, ҚАЛЫПТАСТУ ТӘРТІБІ, БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ӨКІЛДІК МЕРЗІМІ, ФЕДЕРАЦИЯНЫҢ ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ОРГАНЫНЫҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ.** | **6 ОРГАНИЗАЦИОННАЯ СТРУКТУРА ФЕДЕРАЦИИ, ПОРЯДОК ФОРМИРОВАНИЯ, КОМПЕТЕНЦИЯ И СРОКИ ПОЛНОМОЧИЙ ОРГАНОВ УПРАВЛЕНИЯ, МЕСТОНАХОЖДЕНИЕ ПОСТОЯННО ДЕЙСТВУЮЩЕГО ОРГАНА ФЕДЕРАЦИИ.** |
| 6.1 Федерацияның басқару органдары мыналар болып табылады:<br>жоғары басқару органы – оның мүшелерінің конференциясы;<br>алқалы атқарушы басқару органы – Атқару комитеті;<br>бақылау органы – Ревизиялық комиссия;<br>тұрақты жұмыс істейтін басқару органы – Әкімшілік-басқару аппараты. | 6.1 Органами управления Федерации являются:<br>высший орган управления – Конференция ее членов;<br>коллегиальный исполнительный орган управления – Исполнительный комитет;<br>контрольный орган – Ревизионная комиссия;<br>постоянно действующий орган управления – Административно – управленческий аппарат. |
| 6.2 **Жоғары басқару органы – Конференция**. Конференция мүшелерінің құрамына: Президент, вице-президенттер, Федерация филиалдарының және жергілікті спорт федерацияларының басшылары – қоғамдық бірлестіктер кіреді. | 6.2 **Высший орган управления – Конференция.** В состав членов Конференции входят: Президент, вице – президенты, руководители филиалов Федераций и местных спортивных федераций – общественные объединения. |
